

Аңғысын Сейтмұратов

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Физика және математика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Аңғысын Сейтмұратов 33 жылдан бері оқу орнында табысты еңбек етіп келеді.

Аңғысын Жасаралұлы – Мәскеу мемлекеттік құрылыс университетінің аспиранты, докторанты.

Математиканы оқыту әдістемесі және білім беру мәселелеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен 200-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Оның ішінде Scopus базасында – 16, Web of science базасында – 26, Thomson Reuters-ИндХ – 5, Scopus-ИндХ – 3, 85 процентильден жоғары басылымдарда – 1, 50 процентильден жоғары басылымдарда – 1, 37 процентильден жоғары басылымдарда – 5 мақаланың авторы.

Ғалым – 2 монография, 3 оқу құралы және 2 инновациялық патент иегері.

Педагог «Құмкөл Оңтүстік кен орнында өндірілетін мұнай құрамындағы суы мен еріген заттардың тұтқырлығы арасындағы байланысты құру және анықтау» ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жетекшісі.

Сондай-ақ, «Псевдо-Вольтерра интегралдық теңдеулері және классикалық емес эволюциялық шекаралық есептер» ғылыми жобасының жауапты орындаушысы. «Позитивті сипаттағы классикалық Ли алгебралары: қарапайым модульдер және кохомология» ғылыми жобасының аға ғылыми қызметкері.

Аңғысын Жасаралұлы Қазақстан Республикасының 2018 жылғы «Үздік оқытушысы», Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент мүшесі, «European scientific and industrial consortium» алтын медаль иегері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің екі дүркін «Үздік оқытушысы», «Қорқыт Ата Алтын медаль», «Қызылорда қаласына – 200 жыл» медалінің иегері.

Ғалымның жетекшілігімен 1 философия докторы (PhD) дайындалды. Сонымен қатар, 6 PhD докторанттың ғылыми кеңесшісі, 24 магистранттың ғылыми жетекшісі болды.

Аңғысын Жасаралұлының жетекшілігімен мектеп оқушылары халықаралық және республикалық деңгейде өткізілген бірнеше ғылыми жобаларда жеңімпаз атанды.

Профессор Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы диссертациялық кеңестің, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдауды ұйымдастыруды бақылау жөніндегі комиссияның, республикалық математика пәні олимпиадасының қазылар алқасының мүшесі.